

Бекітемін

Мектеп директоры

К.Кушенов

Кушенов

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Ылім беру ұйымы: Сарыөзен негізгі орта мектебі

Мектепалды сыныбы

Бағалардың жасы: 5 жастап бастап

Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр айы 2024-2025 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	
Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет
Мамыр	Дене тәрбиесі
	-Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2-2,5 м арақашықтықтағы нысанға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, лақтыру, қағып алу, домалату. -Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру -Музыкалық-ырғақтық кимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Кимылдардың ырғатын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шенбер бойымен жүру. -Қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айкастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. -Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту.
	Сөйлеуді дамыту
	-Диалогты сөйлеуді қалыптастыру: өзіне арналған сөздерді тыңдап, түсінуге, әңгімені қолдауға, сұрақтарға жауап беруге және сұрауға, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті, байсалды ұстау іскерліктерін жаттықтыру. -Бағаларды бір-бірімен еркін тілдік қарым-қатынасқа баулу; диалогты сөйлеу тілін дамытуға негіз болатын түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану; өзге бағалардың әңгімесінің маңыздылығына әсер етіп, бір-бірінен жаңалықты білуге ықыласын арттыру. -Шығармашылық тілдік әрекет: тәрбиешінің ұсынған тақырыптары бойынша әңгіменің жалғасы мен соңын ойлап табуға үйрету. Ұсынылған тақырыптар негізінде бір-бірімен байланысқан мазмұн бойынша сипаттау және баяндау әңгімелерін құрастыруға, сөйлемдерінде бейнелеуші сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету; бақыланғандар және уәдделер бойынша әңгімелер құрастыру
	Көркем әдебиет
	-Тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерге кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейінін кимылын,

	интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. -Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту -Тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау -Балалардың назарын кітаптың бөзөндірілуіне, иллюстрацияларына аудару Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.
Сауат ашу негіздері	- Сөздерді дыбыстық талдау: сөздері дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау өздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. -Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету -Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденен, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру - Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру
Қазақ тілі	-Кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. -Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттау -Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соның ойдан құрастыруға баулу. Тақпақ жаттау - Берілген сурет бойынша отан дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір – бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру. Сурет бойынша әңгіме құрастыруға, заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға баулу. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.
Математика негіздері	-Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. -10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. --Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру. Тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру. -Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, бйіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.
Қоршаған ортамен танысу	-Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кенес Олатының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Маметованың, Халық қаһарманы -Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу. Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. -Әртүрлі мамандықтардың еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын,

	түсіну және бағалау. -Ата-ана енбегін түсіну, адамдардың енбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Енбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың енбегін бағалау. -Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың керікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.
Құрастыру	-Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қатаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. -Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру. - Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша кино үшін қайшыны қолдану. -Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру
Сурет салу	-Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың енбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің және басқалардың желісін жеткізе білуін жетілдіру. -Жаңа түстер (күлгін) және ренктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (туашпен сурет салу кезінде).
	-Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың енбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің және басқалардың желісін жеткізе білуін жетілдіру.
Мүсіндеу	-Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау.
Жапсыру	- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу.
Музыка	-Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. -Марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың кимыл сипатын – жеңіл және орташа (жоғары-төмен) ырғақпен береді; -Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру